

Заңды тұлғалардың жарғылық капиталға қатысу арқылы бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негізdemесін әзірлеу және оны қарау ережесін бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2004 жылғы 30 қыркүйектегі N 143 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 5 қарашада тіркелді. Тіркеу N 3185. Күші жойылды - ҚР Экономика және Бюджеттік жоспарлау министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 3 наурыздағы N 34 Бұйрығымен

*Y з i n d i*

*ҚР Экономика және Бюджеттік жоспарлау министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 3 наурыздағы N 34 Бұйрығы.*

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 156-бабының 5-тармағына  
сәйкес

*БҰЙЫРАМЫН:*

4. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі міндетін атқарушысының "Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу арқылы бюджеттік инвестициялардың қаржы-экономикалық негіздемесін әзірлеу және оны қарау Ережесін бекіту туралы" 2004 жылғы 30 қыркүйектегі N 143 бұйрығының (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 3185 тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

*Ескерту: Бұйрықтың тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2006 жылғы 13 қарашадағы N 171 бұйрығымен.*

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 153-бабының 3-тармағына  
сәйкес

*БҰЙЫРАМЫН*

1. Қоса беріліп отырған Заңды тұлғалардың жарғылық капиталға қатысу арқылы бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негіздемесін әзірлеу және оны қарау ережесі бекітілсін.

*Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2006 жылғы 13 қарашадағы N 171 бұйрығымен.*

2. Стратегиялық жоспарлау және инвестициялық саясат департаменті (

Т.Б.Нұрашев) және Заң басқармасы (М.Д.Әйтенов) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі Б.А.Исаевқа жүктелсін.

4. Осы бүйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

### *М и н и с т р д і н*

#### *міндетін атқаруышы*

Қазақстан Республикасының  
Экономика және бюджеттік жоспарлау  
министрінің міндетін атқаруышының  
2004 жылғы 30 қыркүйектегі  
N 143 бүйрығымен бекітілген  
Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу  
арқылы бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негіздемесін  
әзірлеу және оны қарау ережесі

*Ескерту: Ереже жаңа редакцияда - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлінің 2006 жылғы 13 қарашадағы N 171 бүйрығымен.*

#### **1. Жалпы бөлімі**

1. Осы Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу арқылы жүзеге асырылатын бюджеттік инвестиациялардың қаржылық-экономикалық негіздемесін әзірлеу және оны қарау ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 153-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді және заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу арқылы жүзеге асырылатын бюджеттік инвестиациялардың қаржылық-экономикалық негіздемесін (бұдан әрі - ҚЭН) әзірлеудің және қараудың, мазмұнын, тәртібін айқындауды.

2. Бюджеттік инвестиацияларды жоспарлау әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімді жоспарын әзірлеу кезінде мемлекеттік, салалық (секторалдық) және өндірлік бағдарламалар шеңберінде жүзеге асырылады.

3. ҚЭН-ді қарауды экономикалық сараптама жүргізу және қорытындысын дайындау жолымен экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілдегі орган жүзеге асырады.

**2. Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу арқылы бюджеттік инвестиациялардың ҚЭН әзірлеу**

4. Бюджеттік инвестициялардың КЭН-інің әзірленуін ұйымдастыруды акционерлік қоғамдарда акциялардың мемлекеттік пакетін, ұйымдарда қатысу үлестерін иелену, пайдалану және/немесе басқару құқығын жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдар немесе жаңы тұлға құруға бастамашы болатын мемлекеттік органдар (бұдан әрі - уәкілетті органдар) қамтамасыз етеді.

5. Бюджеттік инвестиациялардың КЭН-ін әзірлеуді заңды тұлғаны басқаруға уәкілетті орган белгіленген тәртіппен заңды тұлғаның жарғылық капиталын бюджет қаражаты есебінен ұлғайту туралы оң шешім қабылдағаннан кейін жүзеге асырады.

#### 6. КЭН өзіне мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) бюджеттік инвестиациялар есебінен іске асыруға көзделетін іс-шаралардың жалпы сипаттамасы;
- 2) Ереженің 8-тармағында көрсетілген тәртіппен іс-шараларды таңдау негіздемесі;
- 3) іс-шараларды іске асыруға арналған шығындардың көлемін растау;
- 4) бюджеттік инвестиациялардың қажеттілігінің негіздемесі;
- 5 ) қосымшалар .

7. Бюджеттік инвестиациялар есебінен іске асыруға көзделетін іс-шаралардың жалпы сипаттамасы шенберінде әрбірі бойынша мақсаты, міндеттері, құқықтық негізі, құны, қаржыландыру көлемі, іске асыру кезеңі мен кестесі, инвестиция құрамдауыштарының сипаттамасы, іс-шараларды жүзеге асыру нәтижесінде қол жеткізу жоспарланып отырған сандық және сапалық көрсеткіштер, іс-шараларды жүзеге асырудың институционалдық схемасы және баламалары, іс-шараларды жүзеге асыру процесіне қатысатын ұйымдар туралы ақпарат, олардың өзара іс-қимылдары, оларды арасындағы жауапкершілік пен пайданың бөлінуін көрсету қажет іс-шаралардың тізбесі келтіріледі.

КЭН-ге заңды тұлғалардың мемлекеттік, салалық (секторалдық) және өндірлік бағдарламаларды айқындалған міндеттерді орындауға байланысты емес берешегін және ағымдағы шығыстарын жабу мақсатында іске асырылатын іс-шараларды қосуға жол берілмейді.

8. Ис-шаралардың негіздемесі әрбір іс-шара бойынша мынадай дәйектілікпен жазылады :

#### 1 ) Жалпы бөлім .

Бұл бөлімде бекітілген жобаның мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламаларға сәйкестігі туралы ақпарат көрсетіледі, соның ішінде:

шешуге іс-шараларды іске асыруға бағытталған мемлекеттік, салалық (секторалдық) бағдарламалардың міндеттері көрсетіледі. Бұл ретте, бағдарламалардың толық атауы, сондай-ақ бағдарлама бекітілген құжаттың нысаны, қабылданған күні мен тіркеу нөмірі көрсетіледі;

сандақ мәнде іс-шараларды іске асырудан күтілетін нәтижелер; көрсетілген нәтижелерге қол жеткізуден күтілетін әсер, соның ішінде іс-шараларды іске асыру кезеңдері бойынша;

## 2 ) Экономикалық бөлім .

Бұл бөлім ұлттық экономикалық түрғысынан іс-шаралардың тиімділігін бағалауға негізделеді және экономикалық талдау жүргізуді көздейді, оның ішінде :

саладағы қазіргі ахуалды негізгі салалық көрсеткіштерді және соңғы үш жылдағы даму серпінін көрсете отырып талдау;

экономикалық жағдайды және іс-шаралар іске асырылмаған жағдайда салдарларды талдау ;

экономикалық табыстар мен шығындарды талдау, оның ішінде: инвестициялардың мемлекет экономикасына тигізетін нәтижелеріне, салдары мен әсеріне талдау (шығындар тиімділігін талдау және өлшенбейтін пайда, өсірілген пайда мен шығындар, тұтынушының қосымша пайдасы, қайтысyz шығасылар, сыртқы әсерлер, халықаралық әсерлер, жобалардың жанама пайдалары ) ;

іс-шаралардың экономикалық тиімділігін сандық мәнде есептерді келтіре отырып, талдау, оның ішінде экономикалық таза дисконтталған табыс (ENPV) пен табыстылықтың экономикалық ішкі нормасы (EIRR).

## 3 ) Қаржы бөлімі .

Бұл бөлімде қаржылық талдау, қаржылық шығындарға және мыналарды қамтитын іс-шараларды асыру нәтижесінде алынатын занды тұлғаның кірістеріне бағалау жүргізіледі :

занды тұлғаның мыналарды қамтитын соңғы үш жылдағы қаржылық жағдайының талдауы :

занды тұлғаның ағымдағы өтімділік, қаржылық тұрақтылық, өз және қарыз капиталының ара қатынасы, өз қарожатымен қамтамасыз етілу коэффициенті, көрсеткіштерін есептеуді қоса алғандағы қаржылық тұрақтылығы мен өтем қабілетінің талдауы, рейтинг агенттіктері берген занды тұлғаның рейтингтік бағасы (егер бар болса). Сонымен бірге айтылған көрсеткіштердің соңғы үш жылдағы даму серпінінің, сондай-ақ олардың маңызына әсер еткен себептер мен оқиғалардың талдауы жасалады ;

өз капиталының және оның жарғылық капиталының табыстылық коэффициенттерін есептей отырып оның пайдаланылуын (есепті кезеңде алынған

таза пайданың есепті кезеңдегі жарғылық капиталға қатысы), өз капиталының айналым коэффициенті (өнімді (жұмыстарды, қызметті) өткізуден түскен кірістің кезеңдегі өз капиталына орташа шамасына қатысты) талдауы, қаржы-шаруашылық қызметі нәтижелерінің, ішкі өндірістік көрсеткіштердің талдауы.

Егер іс-шараларды іске асыру мақсатында занды тұлға бюджеттік инвестициялар ретінде алған қаражат аффилиирленген тұлғаның жарғылық капиталына қатысу арқылы инвестицияға жіберілген болса, онда ҚЭН-ге сол аффилиирленген тұлғаның қаржылық жай-күйінің талдауы ұсынылады.

Іс-шараның талдауы, оның ішінде әрбір іс-шара үшін:

әрбір іс-шара үшін оны іске асырудың негіздемелері, оның ішінде нормативтік құқықтық негіздері көрсетілген қаржылық схеманың сипаттамасы;

қаржылық бағалаудың қарапайым әдістерін пайдалана отырып әрбір іс-шараның талдауы (өзін-өзі ақтау мерзімін, пайда нормасын, берешекті жабу коефициентін есептеу);

іс-шараны дисконттау әдістерінің көмегімен талдау: таза дисконтталған кірісті (NPV), табыстылықтың ішкі нормасын (IRR), дисконтталған пайда мен шығындардың қатынасын (B/C), ақтаудың дисконтталған мерзімін есептеу;

белгісіздік жағдайларында іс-шаралардың іске асырылуын талдау, оның ішінде негізгі өлшемдер бойынша сезімталдығын талдау (өткізу көлемі, өткізу бағасы, тікелей шығасылар) және шығынсыздық нүктелерін есептеу;

тәуекелдердің негізгі факторларын, өзгерістердің болжамды сипаты мен ауқымын ажыратып көрсете отырып, қаржылық тәуекелді талдау, тәуекелдерді төмендету жөніндегі болжамды іс-шаралар;

іс-шараларды жүзеге асыру нәтижесінде алынатын ақша ағынын есептеу, оның ішінде кірістер мен шығыстар көлемін, бюджетке түсімдер, іс-шараларды жүзеге асырудан алынатын бөлінбеген және таза табыстың мөлшерін есептеу жүргізіледі;

іс-шараны іске асырған жағдайда занды тұлғаның қаржылық жағдайына іс-шараны іске асырудың әсерін көрсететін және іс-шаралар нәтижелерінің көрсеткіштердегі қатысу мөлшерінің көрсетілуімен қаржылық болжамдық есебін жасауды көздейтін занды тұлғаның қаржылық жағдайының жорамалдануы.

9. Әрбір іс-шаралар бөлінісіндегі іс-шараларды іске асыруға арналған шығындардың көлемін раставу қосымшада енгізілген құжаттарды ратайтын есептер мен негіземелерді ұсыну арқылы жүзеге асырылады.

Құрылышқа инвестиацияларды жүзеге асырған кезде мемлекеттік комиссияның сараптамасын ратайтын жоба алдындағы және жобалық құжаттамага мемлекеттік сараптаманың қорытындысы ұсынылады.

Басқа бағыттар бойынша инвестициялардың құнын растайтын есептер мен негізdemелер ұсынылады (бағамдық ұсыныстар, статистикалық мәліметтер, бағалау актілері, маркетингтік зерттеулердің нәтижелері, консультанттардың бағалары және басқалар).

10. Бюджеттік инвестиациялау қажеттілігінің негізdemесі мыналарды қамтиды:

1) жарғылық капиталды қалыптастыру жөніндегі ақпаратты, соның ішінде бұрын жүзеге асырылған бюджеттік инвестиацияларды және олардың тиімділігін;

2) бюджет қаражатының қатысу қажеттілігін растайтын мейлінше толық аргументтер келтіру, мұнда, соның ішінде занды тұлғаның жоспарланып отырған кезенде қаржыландыру көздері есебінен жүзеге асыру ұйғарылып отырған барлық инвестициялық жобаларының, бағдарламаларының немесе іс-шараларының басымдылығын бағалауды келтіру қажет және оларды іріктеу логикасын айқындауды;

3) инвестициялық жобаларды, бағдарламаларды және іс-шараларды қаржыландырудың баламалы көздерін және кестелерін қаруа, мұнда мынадай баламалы нұсқалар көзделуі тиіс:

бюджеттік инвестиацияларды ескере отырып, инвестиациялауды жүзеге асыру; занды тұлғаның меншікті қаражаты есебінен инвестиацияларды жүзеге асыру (кірістер мен айналымдағы қаражаттың тиісті көлемі жұмсалғаннан кейінгі қаржы-шаруашылық көрсеткіштердің өзгерістерін келтіре отырып); басқа көздерден қарыз алу және қаржыландырудың өзге тәсілдері.

11. Қосымшалар іс-шараларды іске асыруға арналған шығындардың құнын растайтын құжаттарды, жобаны (бағдарламаны) іске асырудың қарастырылып отырған әрбір нұсқасы бойынша қаржы-экономикалық модельдер, шығыстар серпіндері кестесі, өтелеу кестесі, диаграммалар, суреттер, елді мекеннің карталары және ҚЭН-де келтірілген ақпаратты растайтын және аштын басқа материалдар мен құжаттарды қамтиды.

12. ҚЭН-ды дайындау шенберінде уәкілетті мемлекеттік орган іс-шаралардың салалық сараптамасын өткізеді.

13. Салалық сараптаманың қорытындысы:  
салада бар жағдайды талдауды бағалауды;  
іс-шаралардың мемлекеттік және салалық бағдарламалармен сәйкестігін бағалауды;  
ҚЭН-да көрсетілген іс-шаралар іске асырылмаған жағдайда саладағы жағдайды талдауды бағалауды;

сандық және сапалық көрсеткіштерді келтіре отырып және мыналарды:  
сала экономикасының құрылымындағы іс-шаралардың рөлі мен орнын;  
іс-шаралардың орналасатын жерін тандаудың және ауқымының негізdemесін;  
іс-шаралар мүмкіндігін бағалауды;  
өнімді еткізу рыноктарын талдауды;  
занды тұлға іс-шаралар бойынша техникалық шешімдер тиімділігінің  
жеткілікті болуын және оларды бағалауды;  
қаржыландыру схемасы мен көзінің негізdemесін бағалауды;  
занды тұлғаның іс-шараларын жүзеге асырудың орындылығы туралы  
бағалауды;  
занды тұлғаның қаржылық көрсеткіштерін және занды тұлғаның  
инвестицияларын жүзеге асыру нәтижесінде алынатын қаржылық пайданы  
бағалауды;  
іс-шаралардың халықаралық стандарттарға сәйкестігін бағалауды, оңтайлы  
жаңа технологияларды қолдануды;  
іс-шаралардың мақсаттарына қол жеткізудің баламалы нұсқаларын бағалауды  
;  
бюджеттік инвестицияларды іске асырудан түсетін пайда мен шығындардың  
бөлінуін бағалауды көрсете отырып ҚЭН-нің іс-шараларын іске асырудың  
саланы дамытуға әсерін бағалауды қамтиды.

14. Салалық сараптама қорытындысына бірінші басшы не оның орынбасары  
қ о л қ о я д ы .

15. Салалық сараптама нәтижесі бойынша ҚЭН-ға салалық сараптама  
нәтижесінің қорытындысына сәйкес ҚЭН-ді кіргізуді көздейтін өзгерістер мен  
толықтырулар енгізіледі.

ҚЭН-ға тек қана салалық сараптаманы іске асыруға макулданған іс-шаралар  
жатқызылады.

16. ҚЭН уәкілетті органдардың экономикалық сараптама жүргізуі үшін  
бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыратын жылдың алдындағы жылдың 1  
сәуіріне дейін үснелады.

17. Экономикалық сараптама жүргізу үшін мынадай құжаттар ұсынылады:  
К Э Н ;  
салалық сараптама қорытындысы;  
занды тұлғаның бірінші басшысының қолы және мөрмен расталған соңғы 2  
жылға қаржылық есептілік (теңгерім, кіріс және шығыстар туралы есеп, ақшалай

қаражаттың қозғалысы туралы есеп, жарғылық капиталдағы өзгерістер туралы  
е с е п ) ;

даму жоспары немесе орта мерзімді кезеңге арналған қаржы-шаруашылық  
к ы з м е т т е р .

18. Экономикалық сараптама жүргізу үшін құжаттаманы бірінші басшының не оның орынбасарының қолы қойылған титульді бланкідегі жеке ілеспе хатпен үәкілетті органдар ұсынады.

Ілеспе хатта салалық сараптамамен келісілген және ҚЭН шенберінде өтінім берілген бюджеттік инвестиция сомасы, қоса берілген құжаттардың тізбесі көрсетіледі.

19. Экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган қажет болған жағдайда бюджеттік инвестицияның ҚЭН-ін экономикалық сараптау барысында туындастырын жеке мәселелерді қаралу үшін уәкілетті органнан қосымша ақпараттар сұрайды.

### 3. Экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның ҚЭН-ды қарауы

20. ҚЭН-ды қарau экономикалық сараптама жүргізуді білдіреді.

Жобалардың экономикалық сараптамасы осы Ереженің 17-тармағында көрсетілген құжаттардың толық пакетін енгізгеннен кейін қырық бес жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Берілген құжаттар Ереженің 2-бөлімінде көрсетілген талаптарға сәйкес болмаған жағдайда, немесе Ереженің 16-тармағында көрсетілген белгіленген мерзімнен кеш берілсе КЭН қаралмайды.

21. Экономикалық сараптама қорытындысы: құжаттардың құрамы мен сапасын бағалауды; бюджеттік инвестициялардың мемлекеттік, салалық (секторалдық) және өнірлік бағдарламалармен сәйкестігін бағалауды; бюджеттік инвестицияларды жүзеге асырудың тұтастай экономикаға әсерін бағалауды; экономикалық пайда мен шығындарды бағалауды; бюджеттік инвестициялардың негіздемесін бағалауды қамтиды.

22. Қажет болған жағдайда экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган сараптама жүргізу үшін заннамада белгіленген тәртіппен сарапшыларды және консультанттарды тартады, немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына бюджеттік инвестициялардың ҚЭН-ін қарау барысында туындаған

жекелеген мәселелерді шешу үшін жұмыс топтарын құру жөніндегі ұсыныстар  
енгізеді.

23. Экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның оң қорытындысы бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру туралы мәселені бюджет комиссиясының қарауына шығару үшін негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасының  
Экономика және бюджеттік  
жоспарлау министрі  
міндеттін атқарушының  
2004 жылғы 30 қыркүйектегі  
N 143 бұйрығымен бекітілген  
Занды тұлғалардың жарғылық  
капиталын қалыптастыруға және  
ұлғайтуға қатысу арқылы жүзеге  
асырылатын бюджеттік  
инвестициялардың қаржылық -  
экономикалық негіздемесін  
әзірлеу және оны қаралу  
ережесіне  
қосымша  
**Занды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға  
және ұлғайтуға қатысу арқылы жүзеге асырылатын бюджеттік  
инвестициялардың қаржылық-экономикалық негіздемесінің  
үлгілік күрылымы және оны әзірлеуге қойылатын талаптар**

1. Занды тұлғаның бюджеттік инвестициялар есебінен жүзеге асыру үйғарылып отырған инвестициясының (бұдан әрі - занды тұлғаның инвестиациялары) жалпы сипаттамасы.

Занды тұлға инвестициялары бағыттарының тізбесі келтіріледі (инвестициялық жобалар, бағдарламалар немесе іс-шаралар). Занды тұлға инвестиацияларының әрбір бағыты бойынша: мақсаты, міндеттері, құны, қаржыландыру көлемі, іске асыру мерзімі мен кестесі, инвестиция құрамдауыштары мен құрылымының сипаттамасы, инвестицияны жүзеге асыру нәтижесінде қол жеткізу жоспарланып отырған сандық және сапалық көрсеткіштер, инвестицияны жүзеге асырудың институционалдық кестесі және баламалары, құқықтық негізі, инвестицияларды жүзеге асыру процесіне қатысатын ұйымдар туралы ақпарат, олардың өзара іс-қимылдары, пайда мен жауапкершіліктің бөлінуі көрсетіледі.

2. Әрбір инвестициялық жоба, бағдарламалар және іс-шаралар бөлінісіндегі

және инвестициялардың жиынтығындағы мынадай тәртіптегі заңды тұлғаның инвестициялары бағыттарының негіздемесі:

### 1) Қаржылық бөлім.

Бұл бөлімде инвестицияларға қаржылық талдау, қаржылық шығындарға және инвестицияларды жүзеге асыру нәтижесінде алынатын заңды тұлғаның кірістеріне бағалау жүргізіледі.

Инвестицияларды қаржылық талдау мыналарды қамтиды:

қаржылық бағалаудың қарапайым әдістерін пайдалана отырып жобалардың инвестицияларын талдау: өтелу мерзімін, пайда нормасын, берешекті жабу коэффициентін есептеу;

инвестицияларды жүзеге асыру нәтижесінде алынатын ақша ағынын жиынтық есептеу;

жалпы кіріс көлемін есептеу, инвестицияларды жүзеге асырудан алынатын бөлінбекен және таза табыстың мөлшері;

инвестицияларды дисконттау әдістерінің көмегімен талдау: таза дисконтталған кірісті ( $NPV$ ), табыстылықтың ішкі нормасын ( $IRR$ ), дисконтталатын пайда мен шығындардың қатынасын ( $B/C$ ), өтелудің дисконтталған мерзімін есептеу;

белгісіздік жағдайларында инвестициялардың іске асырылуын талдау (жобаның негізгі өлшемдер бойынша сезімталдығын талдау (өткізу көлемі, өткізу бағасы, тікелей шығасылар) және шығынсыздық нүктелерін есептеу);

инвестициялардың өтімділігін бағалау;

тәуекелдердің негізгі факторларын, өзгерістердің болжамды сипаты мен ауқымын ажыратып көрсете отырып, қаржылық тәуекелді талдау, тәуекелдерді төмендету жөніндегі болжамды іс-шаралар.

### 2) Экономикалық бөлім.

Бұл бөлім заңды тұлға инвестицияларының ұлттық экономика тұрғысынан тиімділігін бағалауға негізделеді және экономикалық талдау, оның ішінде:

инвестицияларды жүзеге асыра отырып және оларсыз экономикалық жағдайға талдау;

экономикалық табыстар мен шығыстарға бағалау, оның ішінде: инвестициялардың мемлекет экономикасына тигізетін нәтижелеріне, салдары мен әсеріне талдау (шығындар тиімділігін талдау және өлшенбейтін пайда, өсірілген пайда мен шығындар, тұтынушының қосымша пайдасы, қайтымсыз шығасылар, сыртқы әсерлер, халықаралық әсерлер, жобалардың жанама пайдалары);

ен аз шығындарға талдау;

экономикалық таза дисконтталған табыс ( $ENPV$ ) пен табыстылықтың экономикалық ішкі нормасының ( $EIRR$ ) есептерін келтіре отырып,

инвестициялардың экономикалық тиімділігіне сандық бағалау жүргізуді көздейді

3. Әрбір инвестициялық жоба, бағдарламалар және іс-шаралар бөлінісіндегі занды тұлғаның инвестициялары көлемінің негізделуі және расталуы.

Құрылышқа инвестиацияларды жүзеге асырған кезде мемлекеттік комиссияның сараптамасын растайтын жоба алдындағы және жобалық құжаттамаға мемлекеттік сараптаманың қорытындысы ұсынылады.

Басқа бағыттар бойынша инвестиациялардың құнын растайтын есептер мен негізdemeler ұсынылады (бағамдық ұсыныстар, статистикалық мәліметтер, бағалау актілері, маркетингтік зерттеулердің нәтижелері, консультанттардың бағалары және басқалар).

4. Бюджеттік инвестиациялау қажеттілігінің негізdemесі:

1) Өз әлеуетін пайдалану тиімділігіне кешенді бағалауды, қаржы-шаруашылық қызметтің, ішкі өндірістік көрсеткіштерді, жарғылық және меншікті капиталдар көлемінің өзгеру серпінін және активтерді одан әрі капиталдандыру бойынша занды тұлғаның жоспарларын талдауды жүргізе отырып, занды тұлғаның ағымдағы қаржы жағдайын сипаттау;

2) Бюджет қаражатының қатысу қажеттілігін растайтын мейлінше толық аргументтер келтіру, мұнда, соның ішінде занды тұлғаның жоспарланып отырған кезенде қаржыландыру көздері есебінен жүзеге асыру үйғарылып отырған барлық инвестициялық жобаларының, бағдарламаларының немесе іс-шараларының басымдылығын бағалауды келтіру қажет және оларды іріктеу логикасын айқындау;

3) Инвестициялық жобаларды, бағдарламаларды және іс-шараларды қаржыландырудың баламалы көздерін және кестелерін қарастыру, мұнда мынадай баламалы нұскалар: бюджеттік инвестиацияларды, жарғылық капиталдың занды тұлғаның меншікті қаражаты есебінен ұлғаюын есепке ала отырып;

инвестицияларды жүзеге асыру (кірістер мен айналымдағы қаражаттың тиісті көлемі жүмсалғаннан кейінгі қаржы-шаруашылық көрсеткіштердің өзгерістерін келтіре отырып);

басқа көздерден қарыз алу және қаржыландырудың өзге тәсілдері көзделуі тиис.

## 5. Қосымшалар.

Жобаны (бағдарламаны) іске асырудың қарастырылып отырған әрбір нұсқасы бойынша қаржы-экономикалық модельдер, шығыстар серпіндері кестесі, өтелу кестесі, диаграммалар, суреттер, елді мекеннің карталары және бюджеттік инвестиациялардың ҚЭН-де келтірілген ақпаратты растайтын және ашатын басқа материалдар мен құжаттар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және  
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК